

2005 жылғы 1 сәуірге банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 93 кредиттік серіктестік қызметін жүзеге асыруда, оның ішінде 56 ауылдық кредиттік серіктестік, жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестіктердің 71-і Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Аграрлық секторды кредиттеу мәселелері туралы» 2001 жылғы 25 қаңтардағы № 137 қаулысын іске асыру шеңберінде құрылды; 77 ломбард және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге 48 ұйым, оның ішінде 3 ипотекалық компания.

№№	Ұйымдардың атауы	01.01.05	01.04.05
1	Кредиттік серіктестіктер	83	93
2	Ипотекалық компаниялар	3	3
3	Ломбардтар	75	78
4	Басқа ұйымдар	43	45
	Жиынтығы	204	219

Активтер. 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша кредиттік серіктестіктер активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 2 735 млн. теңгеге немесе 25,4 %-ке өсіп, 13 521 млн. теңге болды. Кредиттік серіктестік активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 70,4% және банктердегі салымдар – 21,2 % алып отыр, банк аралық кредиттердің және бағалы қағаздар портфелінің үлесі елеусіз болды.

Ипотекалық компаниялардың жиынтық активтері бір айда 2 532 млн теңгеге немесе 6,0 %-ке өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 44 763 млн. теңге болды. Ипотекалық компаниялар активтерінің құрылымында үлкен бөлікті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (89,6%) және корреспонденттік шоттар (5,4%) алып отыр.

Өткен есепті күнмен салыстырғанда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 614 492 млн. теңгеге немесе 7 есеге өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 711 085 млн. теңге болды. "Қазмұнайгаз" Ұлттық компания АҚ активтері ұйымдардың активтерінің жалпы көлемінің 75,5%-ін құрайды. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың активтерінің құрылымының үлкен бөлігін заңды және жеке тұлғалар құрайды - 41,3%.

млн. теңге

№№	Атауы	01.01.05	01.04.05	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	10 219	13 521	32,3
2	Ипотекалық компаниялар	39 005	44 763	14,8
3	Ломбардтар *	6 716	*	*
4	Басқа ұйымдар **	96 593	711 085**	в 7 раз**

Кредиттік портфель. 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша кредиттік серіктестіктердің кредиттік портфелі құрылымында елеулі бөлікті стандартты кредиттер алып отыр, олардың үлесі 79,8% болды. Соңғы айда кредиттік серіктестіктердің стандартты кредиттерінің үлесінің ұлғайғаны байқалып отыр (78,9%-тен 79,8%-ке). Сонымен бірге күмәнді кредиттердің үлесі 20,9%-тен 20,0%-ке дейін азайып, соңғы айда үмітсіз кредиттер үлесі өзгерген жоқ. – 0,2%.

Ипотекалық компаниялар бойынша стандартты кредиттердің үлес салмағы 99,0%, күмәнді - 0,95%, үмітсіздер - 0,05% болды. Ипотекалық компаниялардың кредиттік портфелі өткен есепті күнгі жағдай бойынша мына жағдайда көрінді: мұнда стандартты кредиттердің үлесі -99,2%, күмәнді- 0,5%, үмітсіз - 0,3% болды.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 89,7%, күмәнді - 9,4%, үмітсіз -0,9% болды. Ағымдағы жылдың басында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кредиттік портфелі мынадай жағдайда көрінді: стандартты - 89,5%, күмәнді - 9,6%, үмітсіздер - 0,9%.

млн. теңге

№№	Атауы	01.01.05	01.04.05	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	8 367	9 731	16,3
2	Ипотекалық компаниялар	35 307	40 188	13,8
3	Ломбардтар*	2 930	*	*
4	Басқа ұйымдар**	50 252	77 879**	55,0**

Жылдың өткен айында кредиттік серіктестіктердің жиынтықты міндеттемелерінің жалпы сомасы 1 445 млн. теңгеге немесе 25,8 %-ке ұлғайды, 2005 жылғы 1 сәуірде 7 041 млн. теңге болды.

Кредиттік серіктестік міндеттемелерінің ең көп бөлігін алынған заемдар -89,4% құрайды, 2005 жылғы 1 наурызда олардың жиынтық міндеттемелердегі үлесі 84,7% болды.

Ипотекалық компаниялар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері наурыз айында 2 355 млн. теңгеге немесе 6,3 %-ке өсті және 2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 39 449 млн. теңге болды. Сонымен қатар, ипотекалық компаниялардың міндеттемелер құрылымында айналысқа жіберілген бағалы қағаздар (78,3%-ке) және басқа банктерден алынған заемдар (16,4%-ке) басым болғанын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 сәуірде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері жыл басынан 85 635 млн. теңгеге немесе 2 еседен көп өсіп, 159 514 млн. теңге болды.

млн. теңге

№	Атауы	01.01.05	01.04.05	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Кредиттік серіктестіктер	5 746	7 041	22,5
2	Ипотекалық компаниялар	34 139	39 449	15,6
3	Ломбардтар*	2 566	*	*
4	Басқа ұйымдар**	73 879	159 514**	115,9**

Капитал. Кредиттік серіктестіктердің балансы бойынша жиынтық меншікті капитал бір айда 1 290 млн. теңгеге немесе 24,9%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірде 6 480 млн. теңге болды.

Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы өткен аймен салыстырғанда 177 млн. теңгеге немесе 3,4%-ке өсіп, 2005 жылғы 1 сәуірде 5 314 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басынан бастап 528 857 млн. теңгеге немесе 24 еседен көп өсіп, 551 571 млн. теңге болды. Меншікті капиталдың жалпы көлемінің 91,2%-ін құрайтын “Қазмұнайгаз” Ұлттық компания АҚ –ның есебінен меншікті капиталдың жиынтықты мөлшері айтарлықтай ұлғайды.

(млн. теңге)

№	Атауы	01.01.05			01.04.05		
		Меншікті капитал	Оның ішінде		Меншікті капитал	Оның ішінде	
			Жарғы капиталы	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		Жарғылық капиталы	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)
1	Кредиттік серіктестіктер	4 473	3 164	183	6 480	4 877	38
2	Ипотекалық компаниялар	4 867	3 770	687	5 314	3 810	336
3	Ломбардтар	4 150	4 444	-257	*	*	*
4	Басқа ұйымдар	22 714	17 669	1 325	551 249**	190 293**	100**

* Ломбардтар есепті жылдық негізде береді.

** банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есепті тоқсан сайынғы негізде береді.